

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Рақымжан Бірлік Серікұлы

birlik.raky@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Дене шынықтыру және спорт кафедрасының доценті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – К.К.Куланова

Жұмыстың өзектілігі: Қазақ күресі арқылы сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес. Қазір де солай. Арғы ата- бабаларымыз жас өренді елін, жерін сүйеге үндеп, ұлттық салт - дәстүрмен сусындатуды мұрат тұтқан. Сол рухани үндеу бүгінгі күнге жеткізді.

Зерттеудің мақсаты: Қазақ күресі арқылы ұлттық тәрбие беру беру мәселелерін анықтап, оқу – тәрбие үрдісіне енгізу.

Зерттеу міндеттері:

1. Қазақ күресінің қазіргі кездегі мәселелерін анықтау;
2. Қазақ күресі арқылы ұлттық тәрбие берудің жаңа моделін құру;
3. Қазақ күресіндегі «Жас балуан», «Ұлттық лига» спорттық жарыстарға қатысу;
4. «Қазақ күресі» спорттық-патриоттық бағдарламасы және оларды оқу-жаттығу процесінде қайта құрудың тиімділігін эксперименталды түрде негіздеу.

Қазіргі Жаңа Қазақстан жағдайында оқушыларды Отаншылдыққа тәрбиелеу, олардың елін-жерін сүйетін, ана тілін ардақтайтын, ұлтын пір тұтатын азамат болып өсуін қамтамасыз ету бүгінгі мектептің де басты мақсаты деуге болады. Қазақ спорт мәдениеті, қазақ күресінің дүние жүзілік мәдениеті, жас спортшылардың рухын, мақтаныш сезімін оятты, осы өнер арқылы күресшілердің еліне, жеріне деген сүйіспеншілігі артты. Күрес арқылы ұлттық тәрбие беру мен дене-күш дайындығын кезеңді бақылау мәселесі мен қажетті дене-күш даму деңгейі мен бағдарлау осы уақытқа дейін толық қаралмай келген іс. Осы көрсетілген мәселелерді шешу, зерттеу жас балуандардың дайындық деңгейінің көтерілуіне, жаттықтырушылар үшін патриот дайындау тиімді жұмыс болып табылады.

Жұмыстағы мақсатымыз –бір нәрсеге ұмтылу, күрес арқылы жеңіске жету. Бұл тұрғыда алғанда, ұлттық тәрбиенің мақсаты- оқушыларды өмірге әзірлеу мақсатымен жүргізілетін ұлттық тәрбие жұмыстарының нәтижесі. Халқымыздың зиялы ардагер ғалымдары А. Байтұрсынов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, М.Әуезов т.б. жас ұрпақ ұлттық тәрбиесін жас кезінен бастап, дене күші мен рухани дүниесін бірлікте дамытып, жетілдіруге көңілдерін аударған [1].

«Тәрбиесі жаманға жақсы ұстаздан пайда жоқ» дейді Саифи Сарайи. Тәлім тәрбиенің басты құралы, сенімді нақты жолы ұлттық тәрбие екені анықтап дәлелдеген [2].

Ұлттық тәрбие мен оқу –егіз. Оны бір-бірінен бөлуге болмайды. Осыны жүзеге асыратын маман иесі. Бұл барлығын ойландыратын мәселе. Мектепте заман талабына сай ұлттық тәрбие бағдарламасы қалай жүргізуге болады деген сұраққа ең әуелі оның мақсатын, міндетін белгілеп алу керек. Еліміздің болашағы –ұрпақ тәрбиесінде, еліміз егеменнің алып, өз алдына отау тігіп, өзінің ішкі-сыртқы саясатын өзі шешетін болды. Бүгінде күресшілердің міндеті – әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді жандандырып, ұлттық сана-сезім жоғары тәрбиелі ұрпақты өсіру.

Ұлы данышпан Әл-Фараби дүниені сақтайтын 4-тілек:

- әділдік, турашылдық;
- қайырымдылық, жомарттық;
- қанағат, барға ризашылық;
- инабат бер-деген екен, яғни Елбасының Қазақстан-2030 Бағдарламасыда, «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауы да еліміздің болашағын ойлайтын күресшілерді тәрбиелеуді міндет етіп жүктейді. Ұлттық рухы қуатты ел - ұлы күш. Тек оны жас

ұрпақтарымыздың бойына дарыта білсек, әрқашанда әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің алдындағы қатарынан орын алып, тереземіз тең, еңсеміз биікте тұратынымыз хақ [4].

Қазақ күресінің дамуы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана дамыды. "Қазақша күрес" федерациясын құру, көптеген ғылыми еңбектер жазу және бірінші төраға болған - Ерғали Мұхитдиновтың ағасын айтпау мүмкін емес. Бұл адамның еңбегі зор. Алғаш рет "Қазақша күрес" федерациясын құрып, оның бірінші төрағасы болды. Бұл ретте, 1990 жылдары белгілі балуан Әбілсейіт Айханов өзі күрестің басты ережесі ретінде 1990-1995 жылдарға дейін қолданыста болған қазақ тілінде жазған [3].

Содан кейін күрес ережесін жетілдіріп, қазіргі балуан киімінің үлгісін жасаған тұлға – Елемес Әлімханов. Бұл балуаннаң қазақ күресіне сіңген еңбегі өте зор. 2002 жылдан бастап осы күрестің қыр-сырын білетін Бауыржан Жаналин, Марат Жақатов, Діқанбай Биткөзов сияқты мамандар қазіргі қолданыста жүрген қағида мен ережелерді дүниеге әкелді. 2004 жылы Берлин қаласында өткен Дүниежүзі қазақтарының кіші құрылтайында «Қазақ күресі» бойынша халықаралық федерациясы құрылған.

Күрестен ұлттық тұрғыдан қанағат алуы, жас қауымды осы сарынмен тәрбиелеу, оларға ұлттық тәрбиені қалыптастыру көп қырлы педагогикалық жұмыс, бұл жұмыстар науқанды немесе белгілі бір жасты қамту кезеңіне бағытталып жүргізілуге тиіс емес. Күресте қимыл, өмір дағдылары қалай қалыптасса күресшілердің бойындағы рухани байлық ізгі қасиеттер, жаман әдетке жиіркене қарау, жақсыға құлшыныс жасау да солай қалыптасуға тиіс. Дені сау, рухани байлығы мол күресші ғана әдемілік пен әсемдіктің жақсылық пен ізгіліктің нағыз көрінісін елестетсе керек.

Ұлттық көзқараспен алып қарағанда дене шынықтыру мен спорт күресшінің дене қабілетін тұлғалық қасиеттермен біріктіретін шығармашылық жұмыс. Сол жұмыс арқылы күресші өзінің ізгі қасиетінің мүмкіндігін, өзіне сенімін, ерік-жігерін анықтайды. Жемісті еңбегінің нәтижесінде ғана қанағат алады. Демек, еңбексіз спорт тұл. Еңбектің спорттан тыс қалуы мүмкін емес. Спорт-қарсыласпен белдесуге ғана тәрбиелемейді, сонымен бірге батылдыққа, өмір қызығы, көз жетпес кеңістік, алға ұмтылушылық және дене қабілетіне тәрбиелейді. Сырт пішіннің сұлулығына талпыну әсеріне жастарға тән қасиет. Ол түсінікті де. Себебі күресшілердің таусылмас күш, қажымас қайсарлық жігер бар.

Күрес кезіндегі ойын-сауық адамның талдау, тандау қабілетін шыңдайды, ортамен тіл табысуға, қарым-қатынасты жетілдіруге, жұмысын мазмұнды етуге, жеңіске жетудің ең тиімді түрлерін қарастыруға, оқушының бойындағы қасиетті әлеуметтік күшке және қозғалысқа айналдыруға итермелейді. Оқушы қоғамның ең жоғарғы құндылығы, одан жоғары тұрған ештеңе болмауы керек. Әр балада жасырын жатқан денсаулықтың генетикалық потенциалы бар, біздің міндетіміз дене шынықтыру сабағы арқылы оның жүзеге асуына қолқабыс жасау. Бала денсаулығын сақтау мектебіміздің негізгі принципі - әр баланың бойындағы өмір резервін, өмірге құштарлық пен бейімділікті бірте-бірте, өте сақтықпен оята білу. Ол құштарлық пен бейімділік, өмір резерві бала бойында дайын күйінде тұрған жоқ. Олар жаңа өсіп келе жатқан көшет тәріздес, ұлттық тәрбие оқыту барысында пайда болады, қалыптасады, дамиды. Бала бойында рухани беріктікті нығайту үшін балаға сенімділікті, өзін бағалауды үйрету қажет. Осы жарыстар арқылы келесі мақсаттарды жүзеге асыруға болады:

- күрестегі негізгі білімді;
- күресшінің өз мүмкіндіктеріне сай жеке даму траекториясымен қамтамасыз ету;
- күресшілерді білімді, жан-жақты дамыған, денсаулығы жақсы, рухани жағынан дамыған етіп тәрбиелеу;
- оқушының бойында денсаулыққа деген жауапкершілік пен денсаулыққа әсер ететін факторлар туралы білім қалыптастыру;
- таным қабілетін қалыптастыру;
- ұлттық тұлға қалыптастыру, өз арақатынас мәдениетін қалыптастыру;

«Күрес» сабағы бойынша 1 сағат бөлініп отыр, мақсаты - ұлттық ойындарды қайта жаңғыртып, оқушыларды таныстыру, ойнату.

Міндеті:

- ойын шартын бұзбай ойнату;
- көне ойындарды жаңғырту;
- ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру;
- атадан қалған мұраны жалғастыру.

Қазақ күресі – қазақтың ұлттық ойындарының көшбасшысы. Осы спорт түрінен қазақтар әрқашанда дайын болған. Тойларда, жиындарда, үлкен ас берген кездерде топты жарып шыққан палуандарға кез-келген қазақ баласы қарсы тұрарлықтай жағдайда болатын болған. Әрбір қазақ баласы күреске икемді,төзімді келген. Тіпті, қазақша күрестен аналарымыз да кезінде белдескен екен. Осыған байланысты, ерлеріміз алыса кеткен жағдайда әйел баласынан жеңіліп қалғанды ар санап, үнемі дайындық үстінде жүретін болған. Бұл да болса жігіттеріміздің үнемі қарулы әрі жігерлі болатындығының белгісі. Әйелге әлі келмеген жігітсымақ содан кейін намысқа тырысып спортпен шұғылдануды бастайды.

Ұлттық тәрбие берудің ұстанымдары:

- балалардың қызығушылығына қарай ерікті бірлесуі негізінде айналысудың жалпылығы және көпшілікке қажеттілігі, олардың ынтасы мен әрекеттілігінің дамуы
- әрекеттің қоғамдық пайдалы бағыттылығы: мектептен тыс жұмыстардың әртүрлі формасы; балалардың жас және дара ерекшеліктерінің ескерілуі.

Жұмыстарды зерттеуде мынандай әдістер қолданылды:

1. Күресшілердің жарысқа қатысқан жеңістері талданды:

- күрес бойынша «Бала барысы» «Жас Барыс» күресіне қатысып, нәтижелері сарапталды;

- күрестегі тәжірбиелі күресшілермен күресіп, жаттықтырушы қызметінде дәстүрлі емес әдістерді қолдануы нәтижесін көру мақсатында жарыстарды салыстыру, техника мен тактикасы талданды;

2. Сауалнама өткізілді;

3. Талдау: күрестегі педагогикалық тәжірибенің жалпы қасиеттері, белгілері және олардың өзара байланысы талқыланды.

4.Бақылау: оқу-тәрбие процесі мен жарыстағы нәтежиелер жинақталды.

5.Салыстыру: жүргізілген күрес жаттығулары мен жарыс қағидаларымен өзара сапалық салыстыру арқылы зерттеу жұмыстары жүргізілді.

6. Әңгіме.

7.Диагностика: зерттелетін объектілердің жағдайлары бағаланды. Сынып жетекшілер оқыту мен тәрбие салаларындағы орын алып отырған бір мәселені шешу үшін әдіс-тәсілдерді тандап алып, олардың тәрбиеленушілерге ықпалын сабақ, тәрбиелік іс-шаралар арқылы бақыланды.

Жұмыс барысында сауалнама жүргізілді: Күрес арқылы тәрбие беру деңгейін анықтау. Сауалнамаға 39 оқушы қатысты- оның ішінде (47 %) пойызы ер балалар.

Сұрақ №1. Сіз өзіңізді патриот деп санайсыз ба?

Осылайша, қатысушылардың жалпы санының ішінде көп бөлігі өзін патриот деп санайды (37 адам – 88,5%). 1 қатысушы (2,8 %) өзін ішінара патриот деп санайды. 2 адамға жауап беру қиын болды. "Жоқ" деген жауап алынған жоқ.

Сұрақ №2. Сіздің ойыңызша, сіздің қазақ күресімен айналысуға не әсер етті?

Бұл сұрақта бірнеше жауап таңдау мүмкін болды. Қатысушылардың қазақ күресімен айналысуына не әсер етті нәтижелерін есептеу кезінде "ата-аналар" нұсқасы (77% - дан) көп жиналды. Содан кейін " Қазақ күресінен өткізілетін іс-шаралар" (40%) жауабы ең танымал болды. "Қоршаған орта", "БАҚ" нұсқалары жауаптардың 28% -. жинады. "Басқада" және "әкімшілік " нұсқалары 1 жауап нұсқасына ие болды (2,8).

Сұрақ №3. Сіз күреспен айналысуды ұлттық тәрбие деп ойлайсыз ба?

Қатысушылар арасында "иә, ойлаймын " (97%) жауап беру үрдісі байқалады. Осылайша, балалардың көпшілігі күреспен айналысу керектігін, өз Отанына байланысты екенін атап өтуге болады. "Жоқ, ойламаймын" жауабы 1 қатысушыдан алынды (2,8%).

Сұрақ №4 Сіздің ұлттық спорт түрлеріне көз қарасыңыз?

Егемендік алғаннан бері төрт құбыласын түгендеп жатқан тәуелсіз Қазақстан үшін ұлттық спорт түрі –қазақ күресі қазақ жұртын күллі әлемге танытар бренд болуы тиіс. Ата-бабамыздан мұра болып қалған рухани құндылықтардың ішінде қазақ күрес спортының орны ерекше. Халқымыздың салт-сана, әдеп-ғұрыпындағы үлгі-өнегені күрес жаттығу барысында бойға сіңіріп, ойға дарыту оқушыларының денсаулығын нығайтумен қатар еліне, ата баба рухына деген құрметін арттырып, отаншылдық, елжандылық, ұлттық тәрбие беру екеніні осы (83%) байқалды.

Зерттеу барысында қол жеткен нәтижелер бойынша төмендегідей қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

Ғылыми педагогикалық әдібестерге жасалынған талдау негізінде біз өз зерттеуімізде күрес пен халықтық педагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие берудің мазмұнын, әдістері мен ұйымдастыру формаларын айқындап,оны іске асыруды әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз еттік:

- 1) күресшілердің оқу процесінде күрес бағдарлама кешені жасалды және секциялық күрес үйірмесіне 1 сағаттық сабақ жоспары құрылды;
- 2) сыныптан тыс уақытта оқушылардың халықтық педагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие бағдарламасы;
- 3) күрес секциясының жаттықтырушыларымен іс –шаралар бағдарламасы жасалды;
- 4) күресшілермен тәрбие сабақтары өткізілді «Мен елімнің патриотымын»;
- 5) «Белдесу» көне күресін үйретіп, жарыс бағдарламасы жасалды.

Күрес –жер шарын мекендеген барлық халықтар арасында кең тараған екі адамның жекпе-жек бәсекесінде күш, әдіс-айла, қажыр-қайрат сыналатын дене тәрбиесінің бір түрін дәлелдедік.Бұдан мындаған жыл бұрын арғы ата-бабаларымыз өздерінің жауларын жеңу үшін белгілі бір күрес тісілдерін пайдалана білгенін орта сынып оқушыларына жеткіздік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. З.Ж. Айджанова.Этнопедагогика.Оқу құралы.Ақтау, 2010.-91б.
2. П.Ф. Матушак.,Е.М.Мухидденов Казакша күрес. Алматы: Рауан, 1995.
3. Әбу Насыр әл-Фарабидің ақыл-ой пікірлері мен нақыл сөздері: жинақ / [жалпы ред. басқ. Ғ. М. Мұтанов ; құраст.: Ж. С. Сандыбаев, Ы. М. Палтөре]. – Алматы : Қазақ ун-ті, 2020. – 233б.

УДК 796.325

ЖАС ВОЛЕЙБОЛШЫЛАРДЫ ОҚЫТУ МЕН ЖАТТЫҚТЫРУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Азамат Аружан

aru.nuko.05@gmail.com

Еуразия Ұлттық Университетінің, әлеуметтік ғылымдар факультетінің, дене шынықтыру және спорт кафедрасы студенті

Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к., доцент Базарбаева Клара Конаровна

Волейболды 13-14 жастан бастаған жөн. Бұл жаста жоғары жүйке белсенділігінің даму деңгейі балаларда "волейбол" моторикасын сәтті қалыптастыруға мүмкіндік береді және олардың спорттық техникасын оқыту егде жастағы жаңадан бастаушылар мен ересектерге қарағанда сәтті өтеді. Бұл балалардың жүйке жүйесінің даму сатысындағы үлкен икемділігімен түсіндіріледі. Интеллект, ерік-жігер қасиеттері, назардың тұрақтылығы қабілеттерін дамыту жасөспірім волейболшыларды оқу-жаттығу сабақтарын тиімді өткізуге мүмкіндік береді. Физикалық дамуы мен қозғалыс қасиеттерінің деңгейі (белгілі бір әдістемелік ережелерді сақтай отырып) волейболдың ұтымды техникасын сәтті игеруге